

К.К. Дүйсекова
Қ.Б. Даутбаева*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: dautbaeva.k@mail.ru

Бағалау концептісінің ағылшын және қазақ тілдері паремиологиясындағы көрінісі

Аңдатпа. Бағалау концептісінің қазақ және ағылшын тілдерінің паремиологиялық жүйесінде көрініс табуын зерттеу және олардың ұлттық-мәдени уағдаластығын анықтау мақсатында мақалада аталмыш тілдердің мақал-мәтелдері этнолингвистикалық және танымдық тұрғыдан салыстырмалы-салғастырмалы түрде зерттелді. Бағалау/Evaluation концептісінің қазақ және ағылшын тілдері паремиологиясындағы орнын анықтау барысында біз паремиологиялық материалдарды тілдік қорға кіретін, сөйлеу дағдысында қысқа, тұрақты, халықтың көп ғасырлық тәжірибесі жинақталған, әдетте ырғақты ұйымдастырылған нақыл сөздер, кейде тура, кейде жанама түрде жеткізілетін уәждер деп түсінеміз. Сонымен бірге, мақалада когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының біріне айналған концепт және оның семантикалық құрылымына талдау жасалды. Әлемнің құндылықтар жүйесіне енетін, ой мен шындықтың арасындағы қарым-қатынас барысында әр этностың өзіне тән құндылық жүйесін репрезентациялайтын бағалау концептісі құрылымы жағынан да, генетикалық жағынан да туыстығы алшақ қазақ және ағылшын тілдерінде идиоэтникалық ерекшеліктерге ие.

Кілт сөздер: когнитивтік лингвистика; концепт; әлемнің құндылық бейнесі; концептінің құрылымы; бағалау концептісі; паремиология.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-76-88>

Кіріспе

Адам қоршаған ортаны сезім мүшелері арқылы қабылдап, ой елегінен өткізу арқылы таниды. Тіл ұжымның қоғамдық санасын, мәдениетін, дәстүрін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан ұлтты, этносты, қоғамды қалыптастыратын әлеуметтік қуатты құрал іспетті. Тіл өте күрделі танымдық үрдістің негізгі құрамдас бөлігі болғандықтан, зерттеушілер әр түрлі тілдік бірліктерді концептілік талдау, когнитивтік семантика, ұлттық таным сияқты ұғымдармен сабақтастыра зерттеп келеді. Адамның когнитивті дүниесі оның өзін қоғамда ұстау мәнері мен әрекеті, таным,

сенімдері арқылы көрінеді. Бұл орайда адамның кез келген әрекетіндегі тілдің орнының ерекше екендігін атап өткен жөн.

XX ғасыр ортасында адамның танымдық қызметіндегі тілдің рөлі қарқынды түрде қарастырыла бастады, нәтижесінде антропоцентристік парадигма аясында, когнитивизм негізінде когнитивтік лингвистика пайда болды. Сол уақыттан бері өңделген ақпараттардың тілде көрініс табуы когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны болып келеді.

Когнитивтік лингвистика әлеуметтік ғылымдар жүйесінің жеке тармағы болып қалыптасқалы бері оның негізгі мақсаты адамның танымдық әрекетін тасымалдайтын тілдік

үрдістердің табиғатын түсіну болуда. Адамның тілді меңгеру, қоршаған ортаны тану барысындағы қалыптасқан мағлұматтарды өңдеп, тұжырымдау, оның өміріндегі негізгі ұғымдарды репрезентациялау және түйінделген ойды вербализациялау сияқты когнитивтік қабілеттерін паремиологиялық құралдар арқылы зерттеу мақаланың маңыздылығы мен өзектілігін сипаттайды. Сонымен қатар адам ойы мен ақиқат дүниенің ара-қатынасын туыстығы алшақ қазақ және ағылшын тілдері мақал-мәтелдері негізінде зерттеу осы мақаланың өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің мақсаты қазақ және ағылшын тілінің паремиологиялық жүйесіндегі бағалау концептісіне концептуалды-семантикалық талдау жасай отырып, оның екі тілде репрезентациялануының ұқсастықтары мен алшақтықтарын, ұлттық уағдаластығын анықтау.

Зерттеудің міндеттері жоғарыда атап кеткен, жұмыстың мақсатынан туындайды:

- Концепт ұғымын ертеректе зерттеген ғалымдардың жұмыстарын (В.фон Гумбольд, Чарльз Филлмор, Рональд Лангакер, т.б) еске ала отырып, кейінгі жылдардағы ғалымдардың (Джордж Лакофф, М.Джонсон, И.В.Зыкова, С.А.Аскольдов, У.Миедер, М.Хайдеггер, В.Эванс, Н.Н.Болдырев, В.И.Карасик, З.Д. Попова, И.А.Стернин, Я.Л.Бабушкин, Н.Д.Арутюнова, М.Копыленко, С.Е.Исабеков, К.К. Дүйсекова, Қ.Есенова т.б) жүргізген зерттеулерін сараптау;

- Қазақ және ағылшын сияқты генетикалық жағынан да, құрылымы жағынан да туыстығы алшақ тілдерді антропоцентристік парадигма аясында салыстыра - салғастыра зерттеу барысында осы екі тілдегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді туғызатын когнитивтік факторларды айқындау;

- Бағалау/Evaluation концептісінің концептуалды мазмұнын зерттеу барысында осы ұғымның екі тілдің паремиологиясындағы репрезентациялану жолдарын көрсету.

Мәселенің зерттелу тарихы: Тіл білімінде қалыптасқан пікір бойынша, когнитивтік лингвистиканың қалыптасу кезеңін ағылшын тілді лингвистикадағы «когнитивтік грамма-

тика» бағытының пайда болуымен байланыстырады. «Когнитивтік грамматика» термині 1975 жылы Дж.Лакофф пен Г.Томсонның «Introducing cognitive grammar» атты мақаласында қолданылған. 1987 жылы американдық лингвист Р.Лангакердің «Основы когнитивной грамматики», осы бағыттағы Дж.Лакоффтың «Women, Fire, and Dangerous Things» және М.Джонсонның «The Body in the Mind» атты еңбектерінің жарық көруі тек америкалық ғалымдардың ғана емес, Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропаның және сол кездегі кеңес үкіметі ғалымдарының жан-жақты ізденістеріне түрткі болып, әр бағыттағы ғылыми мектептердің пайда болуына себеп болды.

Қазақстандық лингвистикада когнитивтік зерттеулердің пайда болуына тек шетелдік мектептер ғана ықпал жасаған жоқ, оның дамуы қалыптасқан тарихи жағдаяттарға байланысты орыс ғалымдарының тіл білімі жөніндегі ойларымен терең ұштасты.

Соңғы жылдары З.Д.Попова, И.А.Стернин, В.Ю.Бабушкин, Г.Г.Слышкин т.б. Воронеж тіл білімі мектебін құрушыларының концепт туралы ұстанымдарын заманауи ғалымдар одан әрі толықтырып, дамытып келеді.

Егер қазақстандық ғалымдардың осы тұстағы еңбектеріне көз жүгіртетін болсақ, когнитивтік лингвистиканың ең алғашқы бастамасының ірге тасы когнитивтік терминдерді қолданбаса да, тіл мен адамның ой-санасының байланысы төңірегінде көптеген мәселелерді көтерген А.Байтұрсынов, К.Жұбанов, С.Аманжолов, А.Қайдаров, М.Копыленко сияқты ғалымдардың жұмыстарында қаланған десек қателеспейміз.

Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың соңғы жылдардағы зерттеулеріне үнілетін болсақ, Э.Д.Сулейменова, Л.К.Жаналина, С.Е.Исабеков, Г.Г.Гиздатов, К.К.Дүйсекова, Ш.К.Жаркынбекова, З.К.Сабитова, Ж.А.Манкеева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде лингвомәдени бағытының бөлініп шыққанын байқаймыз. [1;2;3;4;5;6;7;8]. Бұл ғалымдар концептілік мәнге ие тілдік бірліктердің ішкі құрылымын мәдени танымдық ақпараттар көзі дей отырып, оларды лингвокогнитивтік зерттеулер аясында қарастыру керек екендігін атап өтеді.

Зерттеу әдістері: Ағылшын және қазақ тілдеріндегі бағалау концептісінің семантикасын анықтау үшін концептуалды талдау әдісіне жүгініп, екі тілдегі паремиологиялық материал сараланды.

Когнитивтік лингвистиканың басты ұғымдық-концептуалдық аппаратына енетін элементтердің бірі концепт болып табылады. Концепт термині ХХ ғасырдың ортасында ғана белсенді қолданысқа енгенімен, ең алғаш 1928 жылы С.А. Аскольдовтың «Концепт и слово» атауымен жарыққа шыққан мақаласында: «Мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [9, 97 б.], - деп анықталды.

Ал, Ағылшын ғалымы Вивьян Эванстың «A Glossary of Cognitive Linguistics» еңбегінде концептуалды жүйе мен концептіге келесідей анықтама берілген: «Conceptual system. The repository of concepts available to a human being. The repository constitutes a structured and organised inventory which facilitates categorisation and conceptualisation. Each concept in the conceptual system can, in principle, be encoded and externalised via language. Concepts encoded in language take a modality-specific format known as a lexical concept. Cognitive linguists assume that language reflects the conceptual system and thus can be employed in order to investigate conceptual organisation; they also assume that linguistic organisation which is modified due to use can influence the nature and make-up of the conceptual system [10, 38 б.]. Бұнда В. Эванс концептуалдық жүйені адамға қатысты білім мен тәжірибені сипаттайтын көзқарастар жүйесі, адамзаттың танымы мен сабақтас, желілес, жалпы адамзатқа тән ұғымдардың жиынтық-жүйесі, яғни сақталымы (репозиторий) деп түсіндіреді. Концептуалды жүйедегі әрбір концепт қолданым барысында тілде репрезентацияланады. Когнитивті лингвистика бағытындағы тіл мамандарының пайымдауларына, концептуалдық жүйені тек қана тіл арқылы зерттеуге болады.

Көп уақыт бойы концептінің салмағы оның толық, әрі нақты мағынасын ашатын сөзге

жүктелген болатын. Дегенмен, концептінің дүниетаным категориясы ретінде, ал сөздің тілдік бірлік ретінде қолданысы оларды бір-бірінен ажыратып, зерттеу керектігін көрсетті [11, 199 б.].

А.П.Бабушкин «Концепт – дискретная единица коллективного сознания, которая представляется дискретной, поскольку существует знак, ее обозначающий», - дей келе барлық заттардың, түсініктердің, болмыстардың образды-бейнесі мен ұғымы осы концептілер арқылы жүзеге асатындығын атап көрсетеді [12, 5 б.].

Қазіргі уақытта «концепт» термині когнитивтік лингвистикада кеңінен қолданыла отырып, семантика, когнитивистика және лингвомәдениеттану ілімдерінің мета тіліне, түсінік аппаратына айналған.

В.И.Карасик концептінің лингвомәдениеттанудағы орнына назар аудара отырып, былай дейді: «Лингвокогнитивный и лингвокультурный подходы к пониманию концепта не являются взаимоисключающими: концепт как ментальное образование в сознании индивида есть выход на концептосферу социума, т.е. в конечном счете на культуру, а концепт как единица культуры есть фиксация коллективного опыта, который становится достоянием индивида» [13, 97 б.].

И.В.Зыкованың пайымдауынша: «Культурный концепт - в самом обобщенном плане может трактоваться как концепт, объективированный в разного рода невербальных знаках культуры; а лингвокультурный концепт- как вербализованный культурный концепт или как культурный концепт, объективированный посредством знаков естественного языка» [14,62 б.].

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерді шолу барысында ғалымдардың концептіге берген анықтамаларының жан жақтылығы көзге түседі. Алайда, аталмыш тұжырымдамалардың ортақ белгілері бола тұра, олардың ешқайсысы концептінің нағыз, анық және бірегей анықтамасы бола алмайды.

Концепт турасында И.М.Кобозеваның: «Существование у слова денотата, или денотативного значения, обусловлено предметно-

стью мышления, его обращенностью к миру. Предметный мир, отражаемый в языковом значении лексемы, мыслится широко и включает в себя не только реально воспринимаемые объекты внеязыковой действительности, но и другие виды означаемых — чувства, эмоции, психические состояния, признаки, отношения и т.п.», - деп айтқан ойы біздің зерттеп отырған бағалау концептімізге сай келеді [15, 82 б.]. Себебі, концептілер тек қана ақиқат дүниедегі бар денотаттарды ғана емес, сонымен бірге көзге көрінбейтін сезім, эмоция, психикалық жай-күйді де қамтиды.

Байқағанымыздай, концептінің анықтама-сы лингвистикада пайда болған теориялық немесе әдіснамалық бағытқа байланысты толықтырылып, өзгеріп отырады. Біздің қорытуымыз бойынша концептілер – тіл мен экстралингвистикалық шындық арасындағы делдалдар. Сөз мағынасы мен концептілерде қамтылған мазмұн бір-біріне сәйкес келе бермейді. Себебі концепт таным жүйесінде сараланып, жүйеленеді деген ой түйеміз.

Талқылау: Жұмысымыздың зерттеу нысаны болып отырған бағалау концептісі – құндылықтың құрамдас бөлігі ғана емес, ол - адам ойы мен ақиқат арасындағы байланыстың жемісі. Құндылық бағамен түсіндіріледі. Бағалау құрылымына негізгі компоненттер субъект, нысан (объект), баға өзектілігі кіреді. Баға субъектісі (эксплицитті немесе имплицитті) – бұл баға беруші адам немесе социум; объект – бағаланатын жағдай, зат немесе адам. Бағалаушылық сөйлесімдер мен аксиологиялық бағытта жазылған, бағалау элементтерінен тұратын сөйлесімдерді когнитивті-бағалаушылық құрылымға жатқызамыз. Бағалау процесі бағалау бірліктерімен өлшенеді де, жағымды, жағымсыз және бейтарап аумақтарға бөлінеді. Бейтарап норма бағасы объектінің орташа бағасын сипаттайды және осы нормадан ауытқу жағымды немесе жағымсыз бағалауды көрсетеді.

Ғалым Қ. Есенова бағалауға мынадай анықтама ұсынады: «Баға не бағалай сөйлеу салты дегеніміз – сөйлеушінің нысанаға алған нәрсе жөніндегі мақұлдау, қарсылық, ықылас не тілек, т.б. түріндегі көзқарасын білдіретін

пайымдауы, стильдік қосымша мағына мен мағыналық реңктің негізгі бір түрі» [16, 63 б.].

Н.Д. Арутюнова: «В идеализированную модель мира входит и то, что уже есть, и то, к чему человек стремится, и то, что человек воспринимает, и то, что он создает, и то, как он действует и поступает, наконец, в нее целиком и полностью входит и сам человек» [17, 89 б.], - деп пайымдайды, яғни бағалаудың адамның дүниетанымы шекарасының кеңейуіне байланысты тұрақты динамикада болатын үдеріс екендігін айтады. Сонымен қатар, бағалау табиғаты адам табиғатына тікелей қатысты екендігін байқаймыз, себебі, адам басқа адамның, заттың, құбылыстың қасиеттерін өзінің құндылық жүйесі арқылы қабылдайды. Бағалау концептісінің екі тілдің паремнологиясындағы көрінісін зерттеу үшін қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге жүгінеміз.

Әр халықтың өз дүниетанымынан туындаған логикалық формуласы, мақал-мәтелдері болады. Кез келген оқиға немесе мәселе тұсында мақал – мәтелдер еске түседі, тілге оралады. Сол арқылы адам көп ойлауды, ұзақ баяндауды керек ететін күрделі жағдаяттарды қолжетімді түрде бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді және ұғынады.

Мақал-мәтелдердің пайда болуы ішкі және сыртқы факторларға байланысты екенін көрнекті ғалым Ә.Т.Қайдар өз зерттеуінде атап көрсетеді [18, 16 б.]. Мақал-мәтелдердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуы әрбір этностық қауымның қалыптасу тарихы мен үрдісі, әлеуметтік жағдайы, тіршілік ету тәсілі, дүниетанымы мен құндылықтарына байланысты деп түсінсек, сыртқы факторға сол этностың табиғи ортасы мен тұрғылықты жері және басқа халықтармен араласуының нәтижесінде бір-біріне ықпал еткен рухани-мәдени әсері деп қарау керек екендігін ғалым атап көрсетеді.

Академик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегін қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуде құнды жәдігер деуге болады. Аталмыш жұмыста ғалым тіліміздегі қазақ халқының екі мыңнан астам мақал-мәтелдеріне этнолингвистикалық түсінік береді және мақал-мәтелдердің табиғатына ғылыми талдау жасайды.

Қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтап, жариялаған деп Ы.Алтынсарин, В.В. Радлов бастаған бірнеше ғалымдардың еңбектерін атай аламыз. Ал, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеген ғалымдар қатарында - Н.Барли, А. Дундэс, А.Крикман, М. Куузи, Г.Мильнер, А. Тэйлер, Г.Л. Апшерсон, Линда және Роджер Флавэлдерді атауға болады.

Ағылшын ғалымы Уольфганг Миедер мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама бере отырып «A proverb is a short, generally known sentence of the folk which contains wisdom, truth, morals, and traditional views in a metaphorical, fixed, and memorable form and which is handed down from generation to generation», мақал-мәтелдерді тұрақты және есте тез сақталатын даналықты, шындықты, адамгершілікті және дәстүрлі көзқарастарды қамтитын және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қысқа, жалпыға танымал метафоралық құрылым ретінде суреттейді [19, 5 б.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың мақал-мәтелдерге берген анықтамаларын сараптай келе, мақал-мәтелдердің негізгі ерекшеліктерін ажырата кету керек:

- Мақал-мәтелдер жалпы халықтық тәжірибені қысқа қолжетімді түрде тарата алатын даналық құрылымдық-семантикалық композиция;

- Мақал -мәтелдер жанама түрде өнеге беретін нұсқаулар;

- Мақал-мәтелдерге нақтылық, пікірлер мен бағалаудың әділдігі және форманың қарапайымдылығы тән;

- Мақал-мәтелдерге белгілі-бір ұлттың тұрмыстық контекстіне үйлесімділік тән.

Қорыта келе, біз паремиологиялық материалдарды халықтың өмір сүру дағдысында қалыптасқан, кейде тура, кейде жанама түрде жеткізілетін көлемді мағыналы ойды ырғақты келген бір ауыз сөзге сыйдыра алатын тілдік бірліктер деп түсінеміз.

Лексика мен фразеология сияқты паремиологиялық қорда да ұлттың дүниетанымына байланысты әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады.

Жағымды яки жағымсыз бағалаушытық сипаттағы мақал-мәтелдердің сапалық көрсеткіштеріне қарай отырып, сол халықтың этикалық нормалары мен әлеуметтік өмірін, өз мәдениеті арқылы өзге де мәдениетке деген көзқарасын байқауға болады.

Нәтижелер: Бағалау/Evaluation концептісінің концептуалды талдануын екі кезеңге бөлдік. Бірінші кезең – зерттеліп отырған екі тілдің концептісінің мағыналық құрылымын анықтау қажеттігінен туындайды. Әдетте, концептіге тиек болған лексеманың сөздіктегі дефинициясы мағына өзегін құрайды. Осы орайда, қазақ және ағылшын тілдерінде жалпы баға беру үрдісі – қазақша бағалау, ағылшынша evaluation лексамаларына сәйкес келеді. Бағалаудың жалпы анықтамасы белгілі

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (І.К Кеңесбаев)	Қазақ тілінің әдеби тілінің сөздігі (Ғ.Қалиев, С.Бизақов, және т.б.)	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Т. Жанұзақов)
Баға – бір нәрсенің, заттың құны, нарқы. Жеке адамдардың адамгершілік қасиеттерінің көрсеткіші.	Баға – 1. заттың құны, нарқы. 2. Бір нәрсенің сыны, парқы.	Баға – заттың құны, нарқы.
Бағалау – тиісті құнын, нарқын, бағасын қою. Қадірлеу, құрметтеу, қастерлеу.	Ауыс. Қадір-қасиет.	Ауыс. мағынада: Қадір-қасиет. Баға жетпес [жоқ] – өте құнды, теңдесі жоқ. Бағасы қалмады [түсті] – бағасы төмендеді, сәні кетті.

Кесте 1. (Авторлар құрастырған)

Мериам Вебстер онлайн сөздігі	Oxford Wordpower Dictionary	Cambridge Advanced Learner's Dictionary
The act or result of evaluating a situation that requires careful evaluation: determination of the value, nature, character, or quality of something or someone. Evaluation - the act or result of judging the condition or value of something.	Evaluation / evaluate – 1. The study of the facts and the formation of an opinion about something.	Evaluation / evaluate –to judge or calculate the quality, importance, amount, or value of something.

Кесте 2. (Авторлар құрастырған)

бір жағдайға байланысты қандай да болмасын зат, іс-әрекет, жекелеген адамдардың қадір қасиетін, құнын анықтауды көздейді.

Қазақ тіліндегі бағалау концептісінің мағыналық құрылымын ашу үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне жүгіндік:

Осы үш танымал сөздіктердегі бағалаудың анықтамасына жүгінсек, І.К. Кеңесбаевтың [20, 78 б.] анықтамасында бағалаудың екі денотативтік мағынасы беріледі, яғни заттарды бағалау және адамды бағалау. Ал, Ғ.Қалиев, С.Бизақов [21, 529 б.], Т. Жанұзақов [22, 95 б.] анықтамаларында бағалаудың денотативтік мағынасын тек заттарды бағалаумен шектесе, адамның қадір-қасиетіне берілетін бағалауды бұл екі сөздік коннотативтік мағынаға жатқызады.

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі доминанттық лексеманың төмендегідей синонимдік қатарын береді: «баға, нарық, құн, бәс» [23, 112 б.].

Ал, ағылшын тілінің түсіндірме сөздіктерінде evaluation лексемасы төмендегідей сарапталады:

Ағылшын тіліндегі Мериам Вебстер [24] онлайн сөздігі бағалаудың денотативтік мағынасына адамды және затты бағалауды жатқызады. Ал, Oxford Wordpower Dictionary [25, 253 б.] және Cambridge Advanced Learner's Dictionary [26, 518 б.] бағалауды фактілерді тану және зат туралы ойдың қалыптасуымен қатар сапаны, маңыздылықты, мөлшерді бағалау ретінде береді.

Ағылшын тілінің синонимдер сөздігі evaluation лексемасының синонимдік қатарына: assessment (бағалау), calculation (есептеу), estimation (бағалау), judgement (ой-пікір, пай-

ымдау), opinion (көзқарас), reckoning (есебі), valuation (құн, құндылық) сөздерін жатқызады [27, 129 б.].

Біз зерттеп отырған концептіге тиек болған лексеманың екі тілдегі алты сөздікте берілген мағына өзегін салыстыра отыра, олардың айырмашылықтарымен қатар әмбебап тұстары да анықталды:

- Бағалаудың объектісі болып адам, зат, құбылыс танылады;
- Бағалау ол заттың сапасын анықтау, адамның қадір - қасиетіне, мінезіне баға беру;
- Бағаның мелиоративті (жағымда баға) және пейоративті (жағымсыз баға) түрі болады.

Сонымен, Бағалау/Evaluation концептісінің мағына өзегі қазақ тілінде Бағалау, ағылшын тілінде Evaluation, өзек соңынан өріс маңында қазақ тілінде құн, құндылық, нарық, қадір-қасиет, бәс, сын, парқы, бедел, құрмет, ағылшын тілінде assessment, calculation, estimation, judgement, opinion, reckoning, valuation, жақын периферияда қазақ тілінде баға берді, баға жетпейді, баға жетпес, баға жоқ, баға кесті, бағасы асты, бағасы кетті, бағасын көтерді, құны бір тиын, құны кетті, құнын алды, қадірі асты, қадірі кетті, қадір тұтты, қадірі өтті, қасиет қонды, қасиеті кетті, қасиетін төкті, беделі артты, беделіне сыймады, беделін көтерді, беделін түсірді, сынға алды, сын тақты, ағылшын тілінде estimate, evaluate, assess, rate, appraise, price, gauge, measure, judge, consider, view, weigh, figure т.б. сол сияқты жалпы бағалауға қатысты сөз тіркестері, фразеологизмдер, алыс периферияда қазақ тілінде «Өткеннің өнегесі – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы»

немесе «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» ағылшын тілінде «Without proper self-evaluation, failure is inevitable» немесе «Expect nothing, appreciate everything» т.с.с. бағалауға байланысты екі тілдің мақал-мәтелдері орналасты. Біз өз назарымызды осы алыс периферияға аударамыз.

Бағалау/Evaluation концептісінің құрылымына талдау жасау алдында З.Д.Попова мен И.А.Стернин өз зерттеулерінде концепт құрылым элементтерін образды-бейне, ақпараттық-мазмұн және интерпретациялық өріске бөлгендігін айта кетуіміз керек [28. 75 б.].

Біздің зерттеу нысанымызға концепт құрылымының интерпретациялық өріс түрі

ілікті, яғни ол концептінің ақпараттық мағынасын жеткізіп қана қоймай, оған баға да береді.

Бағалау/Evaluation концептісін осы интерпретациялық өріске тиесілі бағалау аймағында қарастырамыз. Бағалау аймағы жалпы баға (жақсы - жаман), эстетикалық баға (әдемі - ұсқынсыз), эмоционалдық баға (жағымды жағымсыз), интеллектуалдық (ақылды – ақымақ), өнегелік баға (мейірімді – қатал) т.б. жалпы бағалау мақсатындағы когнитивтік белгілерді біріктіреді. Интерпретациялық өрісте Бағалау/Evaluation концептісін репрезентациялайтын когнитивтік бірліктер қарастырылады.

Концептуалдық талдаудың екінші кезеңінде Бағалау/Evaluation концептісінің екі тілде

Қазақ мақалы:	Ағылшын мақалы:
Жалпы баға:	
Көзіңнің тірісінде қоғамның берген бағасы – анық баға емес.	Every man has his price (Әр адамның өз құны бар).
Өткеннің өнегесі – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.	Cheat me in the price, but not in the goods. (Бағасынан алдасаң да, затынан алдама).
Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы.	Good advice is beyond all price. (Жақсы ақылдың құны жоғары)
Білік бағасын білікті береді.	Love can neither be bought or sold, its only price is love. (Махаббатты саудаға сала алмайсың, оның бағасы тек махаббатпен өлшенеді).
Эстетикалық баға	
Жақсының жақсы білер сымбатын, Жамандар қайдан білсін қымбатын. Алтынның құны түспейді, Тастың бағасы артпайды. Жақсыны көрмек үшін, сұлуды сүймек үшін. Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу.	Where beauty is, there will be love. (Әдемілік бар жерде махаббат бар). A good dress is a card of invitation, a good mind is a letter of recommendation. (Жақсы көйлек шақыру билеті, жақсы ес – ұсыныс хат).
Эмоционалды баға	
Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш, Ұсынған мойынды кісі кеспес.	Someone might be offended or hurt, so you have to decide if the price is worth it. (Біреуді ренжітпес бұрын оның құнын ойла).
Шуы көп те, Құны жоқ.	Without proper self-evaluation, failure is inevitable. (Өзін жеткілікті бағаламаған сәтсіздіктен құтыла алмайды).
Есегі бір теңге, Тоқымы мың теңге.	Expect nothing, appreciate everything. (Ештеңе күтпе, барлығын бағала).
Тиын құрлы құны жоқ.	

Моральдық баға	
Ел силарлық бағаң болмаса, елге аға болдым деме.	One kindness is the price of another (Бір мейірім басқа мейірімнің бағасымен өлшенеді).
Әркім жәрмеңкені өзінің тапқан затына қарап бағалайды.	Fortune is like price: if you can wait long enough, the price will fall. (Бақ баға сияқты, көп тоссаң құны түседі).
Кейбір адамдардың бағасын жауының санымен де өлшеуге болады.	Men do not value a good deed unless it brings a reward (Адам мадақ алмайынша жақсы істі бағаламайды).
Адам отырмаған төрдің құны жоқ, Кезінде айтылмаған сөздің құны жоқ.	Don't judge a book by its cover. (Кітапты тысына қарап бағалама).
Интеллектуалдық баға	
Біреуге қарап, өзіңе баға беруге болмайды.	Evaluation by others is not guide for me. (Басқаның бағасы маған басшылық ете алмайды).
Әр адамның бағасы оның ой-ниетінің құндылығымен анықталады.	Every decision you make reflects your evaluation of who you are. (Әр жасаған шешіміңіз тұлғандың бағасы).
Білікті кісі – баға жетпес алтын.	Assessment is today's means of modifying tomorrow's instruction. (Бүгінгі күннің бағасы ертеңгі күннің нұсқаулығы)

Кесте 3. (Авторлар құрастырған)

жүйеленуін сипаттау мақсатында мақал-мәтелдер жинағынан және тілдік қордан бағалауға қатысты паремиологиялық бірліктерді жинақтадық.

Бағалау/Evaluation концептісінің алыс перифериядағы мақал-мәтелдердегі көрінісін қарастырайық. Кестеде мақал-мәтелдердің тура аудармасы жақша ішінде () беріледі:

Бағалау сөйлеушінің талғамынан шыққан ойымен тікелей байланысты логика-семантикалық категория. Бағалау концептісіне тек бағалау мәнді сөздері бар мақал-мәтелдер жатады деп айта алмаймыз. Себебі, адам өзін қоршаған орта туралы мәліметтерді өзінің құндылық жүйесінің елегінен өткізе бағалайды да, оны түрлі бағалау мәнді сөздермен қатар жанама түрде де жүзеге асыра алады. «Жақсыны көрмек үшін, сұлуды сүймек үшін» немесе «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» - деген мақалдарда бағалау мәнді сөз болмағанмен «жақсы», «сұлу» сын есімдері зат есімдерге тіркелу арқылы олардың бағалық дәрежесін көрсетіп тұр. Сын есімді предикаттар да бағалау мәнді бола алады және бағалау

категориясы салыстыру категориясымен тығыз байланыста болып жанама түрде адамды, затты немесе басқа да құбылыстарды бағалайды.

Қорытынды бөлім

Бағалау/Evaluation концептісінің ағылшын және қазақ тілдері паремиологиясындағы көрінісін анықтау алдында жалпы концептінің анықтамасын пайымдап, оған концептілер – тіл мен экстралингвистикалық шындық арасындағы делдалдар деген анықтама берілді. Сонымен қатар, жұмысымыздың зерттеу нысаны болып отырған бағалау концептісі – құндылықтың құрамдас бөлігі ғана емес, ол - адам ойы мен ақиқат арасындағы байланыстан туып, оның бағамен түсіндірілетіндігі анықталды.

Бағалау заттың т.б. бағаланатын құбылыстардың сырт келбетінің табиғи қасиеті емес, ол адам үшін заттың немесе барлық бағалауға тұрарлық құбылыстардың қаншалықты маңызды екендігін көрсететін үдеріс.

Паремиологиялық жүйе - ұлттың шежіресі, құндылықтар жүйесінің айнасы, халықтың сан ғасырлар бойы көрген- білгендерін, ақыл-ойларын тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінімен жеткізетін тілдік көрсеткіш болғандықтан, осы үдеріс қай тілдің болмасын мақал-мәтелдері арқылы ұтымды репрезентацияланады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды және жағымсыз бағалауды білдіретін мақал-мәтелдерді концептуалды-семантикалық бағытта салғастыра келе, мынадай тұжырымдамаларға келдік:

- Бағалау/Evaluation концептісінің айырмашылықтарымен қатар екі тілге де тән әмбебап тұстары анықталды;

- Бағалау/Evaluation концептісінің екі тілдегі концептуалды өзегі Бағалау, Evaluation лексемасы, өріс маңында бағалаудың синонимдері қазақ тілінде құн, құндылық, нарық, қадір-қасиет, бәс, сын, парқы, бедел, құрмет сөздері, ағылшын тілінде assessment, calculation, estimation, judgement, opinion, reckoning, valuation орнықса, жақын периферияда жалпы бағалауға қатысты сөз тіркестер, алыс периферияда мақал-мәтелдер орын алды.

Жағымды не жағымсыз сипаттағы паремиологиялық материалдар арқылы халықтың этикалық нормалары мен құндылықтар жүйесін тану мақсатында тілдік қордан бағалауға қатысты паремиологиялық бірліктерді интерпретациялық өрісте қарастыру кезінде қазақ тіліндегі бағалау концептісінен жақсы бағалауда: өткенге салауат айту, ақылдылық, жігіт құны, біліктілік, салт-дәстүрді қадірлеу, қатені мойындай білу, елге сыйлы болу, төрдің құнын білу, ақыл-ой, ниет тазалығы, ал жағымсыз бағалауда: жауапсыздық, бос сөйлеу, өгірік айту, уақытында әрекет етпеу сияқты когнитивті-бағалаушылық белгілерді аңғарсақ, ағылшын тіліндегі evaluation концептісінен жақсы бағалауда: әр адамды бағалау, шыншылдық, ақылдылық, махаббатқа беріктік, сұлулықты бағалау, ойланып сөйлеу, өзін-өзі бағалау, қолдағыны қадірлеу, тәжірибеге сүйене әрекет ету, ал жағымсыз бағалауда: мақтаншақтық, сырт келбетке қарап

бағалау, ақымақтық сияқты когнитивті-бағалаушылық белгілерді көруге болады.

Екі тілде де көп сөйлеу пейоративті мағынада болғанымен Көп сөз - күміс, аз сөз – алтын. Walls have ears [Үй сыртында кісі бар], ағылшын тіліне қарағанда қазақ тілінде жағымды мағынада да қолданылатынын байқауға болады. Мысалы: Шешеннің тілі – шебердің бізі. Сұраған суалмас. Жағымды бағалаушылық баға ағылшын тілінде кездестірмедік.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қазақ және ағылшын тілді қоғамда маңызды деп танылған әлеуметтік және жеке тұлғалық қасиеттер анықталды. Қорыта келе, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1. Екі тілдік жүйедегі бағалау концептісінің мән-мағынасына қарай қазақ және ағылшын қоғамына тән ортақ құндылықтар жүйесі деп мына қасиеттерді таптық: ақылдылық, тәлім-тәрбие, біліктілік, білімділік.

2. Қазақ тілінің паремиологиялық жүйесінде ағылшын тілімен салыстырғанда бағалау концептісінің аумағында төмендегідей құндылықтар басым болды: ниет тазалығы, елге сыйлы болу, тәлім-тәрбие, бейқамдық, туыстық қасиеттер.

3. Қазақ тілімен салыстырғанда ағылшын тілінің паремиологиялық жүйесінде бағалаудың төмендегідей тұстары басымырақ болды: еңбекқорлық, кәсібилік, сөйлеудегі ұстамдылық, жеке тұлға еркіндігі, консерванттық, сақтық, оптимистік, өзімшілдік, іспен дәлелдеу қасиеттері.

Қорыта келе, бағалау – тілдік қарым-қатынаста орын алатын, қолданылу аясы ерекше кең концептуалды категория. Оның қазақ және ағылшын тілдері паремиологиясындағы көрінісі ұлттық уағдаластыққа ие. Екі тілдің қоршаған табиғи ортасының ерекшеліктері және екі этностың тарихи даму жолдарының алшақтығы бағалау ұғымының аталмыш тілдердің паремиологиясындағы көрінісінің айырмашылығына әкелді. Адам табиғатының бірегейлігі, шындық пен ақиқаттың ортақтығы екі тілдегі бағалау концептісінің паремиологиясындағы әмбебап көріністеріне әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991-2001. – Алматы: «Арыс», 2001. – 84 с.
2. Жаналина Л.К. Интегративная лингвистика. Учебное пособие. - Алматы, 2012.
3. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. – Астана, 2010. – 199с.
4. Гиздатов Г.Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. Алматы: Ғылым, 1997.
5. Дүйсекова К.К. Когнитивная лингвистика: состояние и перспективы исследований // Современные направления лингвистической науки: Коллективная монография / Под ред. д.ф.н., проф. А.Е.Бижженовой.-Астана: ЕНУ им. Гумилева, 2015.- С. 19-72.
6. Жарқынбекова Ш.К. Сопоставительная лингвоконцептология как новое перспективное направление в современной лингвистике. Жизнь языка и язык в жизни. Сб.статей посвящ. Юбилею. Э.Д.Сулейменовой. Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 475.
7. Сабитова З.К. Словарь евразийской лингвокультуры Казахстана / З.К. Сабитова, Г.Т. Жанкидилова [и др.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 187 с.
8. Манкева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
9. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология / под ред. Нерознак В.П. – Москва: Академия, 1997. – С. 97-300.
10. Vyvyan Evans A Glossary of Cognitive Linguistics / Evans Vyvyan. Edinburgh University Press Ltd, 2007. – 244р.
11. Дүйсекова К.К. Фразеологическая картина мира французского и казахского языков в компаративном аспекте / К.К.Дүйсекова. – Алматы: Эверо, 2020-296б
12. Бабушкин А.П. Тип концептов в лексико-фразеологической семантике языка, их личностная и национальная специфика: Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук / Воронеж 1997г.
13. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс: Монография / В.И. Карасик; ВГПУ, Научное издание. – Волгоград: Перемена, 2002. – 331б.
14. Зыкова И.В. Концептосфера культуры и фразеология: Теория и методы лингвокультурологического изучения. – Москва:ЛЕНАНД, 2015.. – 380б.
15. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика / И.М. Кобозева. - Москва: Эдичориал УРСС, 2000. – 352 с.
16. Есенова Қ. Баға немесе бағалай сөз саптау // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996. №7-8. Б. 62-66
17. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека: Научное издание / Н.Д.Арутюнова Москва: Яз. Рус. Культуры, 1998. – 896б.
18. Кайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай Т, 204. – 560 б.
19. Wolfgang Mieder. «The wit of one, and the wisdom of many: General thoughts on the nature of the proverb. Proverbs are never out of season: Popular wisdom in the modern age 3-40. Oxford University Press, 1993.
20. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған І.К Кеңесбаев. Алматы: Ғылым академиясының баспасы, 1-ші том. 1959. - 337 б.
21. Қазақ тілінің әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. 2-том. – А. – Б. – 744 б.
22. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
23. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұлов.. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 640 б.
24. Merriam Вебстер онлайн сөздігі [электрон. ресурс]. – 2021 URL: <https://www.merriamwebster.com/dictionary/evaluation>(жүгіну уақыты:19.04.2021)
25. Oxford Wordpower Dictionary. Oxford University Press, 2016, 839 p.
26. Cambridge Advanced Learner’s Dictionary. 4th ed.: Cambridge University Press, 2013, 1844 p.
27. Англо-русский словарь синонимов. Тезаурус. – Москва: Ин.яз, 2001. – 412 с.
28. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. Воронеж 2007. – 314 с.

К.К. Дуйсекова, К.Б. Даутбаева

Евразийский национальный университет им. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Репрезентация концепта оценки в паремиологии казахского и английского языков

Аннотация. В статье рассматриваются этнолингвистический и познавательный аспекты казахских и английских пословиц и поговорок. Сравнительно-сопоставительный подход к их анализу позволяет определить национально-культурные особенности и изучить проблему отражения концепта оценки в паремиологической системе указанных языков.

Под паремиологическим материалом авторами понимается языковой фонд, в который входят короткие, устойчивые речевые выражения, обычно ритмически организованные, иногда прямо, иногда косвенно передаваемые притчи и т.д.. Накопленные многовековым опытом народа, эти выражения помогают в определении места концепта оценки в паремиологии казахского и английского языков.

Вместе с тем в статье проведен анализ концепта и его семантической структуры, ставшей одним из основных понятий когнитивной лингвистики.

Концепт оценки, входящий в систему ценностей мира, находит отражение в репрезентативной системе ценностей каждого этноса, имеет идиоэтнические особенности в казахском и английском языках, далеких как по структуре, так и генетически.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика; концепт; ценностная картина мира; структура концепта; концепт оценки; паремиология.

К.К. Duisekova, K.B. Dautbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Representation of the concept Evaluation in the paremiology of the Kazakh and English languages

Abstract: The article deals with the ethnolinguistic and cognitive aspects of the Kazakh and English proverbs and sayings. The comparative approach to the analysis of the proverbs and sayings allows to determine their national and cultural peculiarities and study the problem of reflecting the concept of evaluation in the paremiological system of the above-mentioned languages.

The authors interpret the paremiological material as the language fund which includes short and set expressions, usually rhythmically organized, sometimes directly or indirectly transmitted parables, etc. These expressions accumulated by the centuries through the experience of the people help to determine the place and the role of the concept of evaluation in the field of paremiology of the Kazakh and English languages.

The present article also gives a detailed analysis of the concept and its semantic structure that has become one of the main notions of cognitive linguistics.

The concept of evaluation constituting a part of the world's value system is reflected in the representational value system of each ethnos and bears idioethnic features in the Kazakh and English languages that differ basically in their structure and genetically.

Key words: cognitive linguistics; concept; value picture of the world; structure of the concept; concept of evaluation; paremiology.

References

1. Sulejmenova E.D. Aktual'nye problemy kazahstanskoj lingvistiki [Actual problems of Kazakhstani linguistics]:1991-2001. – Almaty: «Arys», 2001. – 84 s. [in Russian]
2. Zhanalina L.K. Integrativnaya lingvistika [Integrative linguistics]. Uchebnoe posobie. - Almaty, 2012. [in Russian]
3. Isabekov S.E. Osnovy kognitivnoj lingvistiki [Fundamentals of Cognitive Linguistics]. – Astana, 2010. – 199s. [in Russian]
4. Gizdatov G.G. Kognitivnye modeli v rechevoj deyatel'nosti [Cognitive models in speech activity]. Almaty: Fylym, 1997. [in Russian]

5. Duisekova K.K. Kognitivnaia lingvistika: sostoianie i perspektivy issledovaniia // Sovremennye napravleniia lingvisticheskoi nauki: Kollektivnaia monografiia [Cognitive linguistics: state and research prospects // Modern directions of linguistic science: Collective monograph] / -Astana: ENU imeni L.N.Gumileva, 2015.- S. 19-72.[in Russian]
6. ZHarkynbekova SH.K. Sopostavitel'naya lingvokonceptologiya kak novoe perspektivnoe napravlenie v sovremennoj lingvistike. ZHizn' yazyka i yazyk v zhizni. [Comparative linguoconceptology as a promising new direction in modern linguistics. Language life and language in life.]. Almaty: Kazak universiteti, 2005. – S. 475. [in Russian]
7. Sabitova Z.K. Slovar' evrazijskoj lingvokul'tury Kazakhstana [Dictionary of the Eurasian linguoculture of Kazakhstan] – Almaty: Kazak universiteti, 2011. – 187. [in Russian]
8. Mankeeva ZH.A. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn tanyndyk negizderi [Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language]. –Almaty: ZHibek zholy, 2008. – 353 p. [in Kazakh]
9. Askoldov S.A. Konsept i slovo // Russkaia slovestnost: Antologiya / pod redaktsiei Nezirnaka V.P.[Concept and word], 1997. – S 97-300.[in Russian]
10. Vyvyan Evans A Glossary of Cognitive Linguistics / Evans Vyvyan. Edinburgh University Press Ltd, 2007. – 244p.
11. Duisekova K.K. Fraseologicheskaia kartina mira fransuskogo i kazakskogo iazykov v komparativnom aspekte [Phraseological picture of the world of the French and Kazakh languages in a comparative aspect] / – Almaty: Evero, 2020- 296p. [in Russian]
12. Babushkin A.P. Tipy konceptov v leksiko-fraseologicheskoi semantike yazyka, ih lichnostnaya i nacional'naya specifika [Types of concepts in the lexical and phraseological semantics of the language, their personal and national specifics]: Dissertaciya na soiskanie uchenoi stepeni doktora filologicheskikh nauk / Voronezh 1997g. [in Russian]
13. Karasik V.I. Iazykovoi krug: lichnost, konsepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse: Monograph] / Volgograd: Peremena, 2002. – 331p.[in Russian]
14. Zykova I.V. Konseptosfera kultury i phraseologia: Teoria i metody lingvokulturologicheskogo izucheniia [The concept of culture and phraseology: Theory and methods of linguocultural studies]. – Moskva:Lenand, 2015.. – 380p. [in Russian]
15. Kobozeva I.M. Lingvisticheskaja semantika / I.M. Kobozeva. - Moskva: Edichorial URSS, 2000. – 352 p. [in Russian]
16. Essenova K. Baga nemese bagalai soz saptau // Kazak tili men adebiety [Value or evaluation // Kazakh language and literature,], 1996. №7-8. P. 62-66 [in Kazakh]
17. Kaidar A. Khalyk danalygi [Folk wisdom]. – Almaty: Tolganai, 204. – 560 p. [in Kazakh]
18. Arutiunova N.D. Iazyk i mir cheloveka[Human language and world]: Russian language culture, 1998. – 896p. [in Russian]
19. Wolfgang Mieder. «The wit of one, and the wisdom of many: General thoughts on the nature of the proverb. Proverbs are never out of season: Popular wisdom in the modern age 3-40. Oxford University Press, 1993.
20. Kazak tilinin tysindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] / I.K Кеңесбаев. Almaty: Gylym akademiyasynyn baspasy, 1-shi tom. 1959. - 337 p. [in Kazakh]
21. Kazak tilinin adebi tilinin sozdigi.[Dictionary of the literary language of the Kazakh language] / G.Kaliev, S.Bizakov, O.Nakysbekov – Almaty, 2011. 2-tom. – A. – B. – 744 p. [in Kazakh]
22. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language] / T. ZHanuzakov. Almaty: Dajk-Press, 2008. - 968 b. [in Kazakh]
23. Kazak tilinin sinonimder sozdigi / S.Bizakov, A.Bolganbaev, SH.Dauletkulov.. – Almaty: «Arys» baspasy, 2007. - 640 p. [in Kazakh]
24. Merriam Webster onlain sozdigi [elektronni resurs],[Merriam Webster online dictionary] [electronic resource] – 2021 URL: <https://www.merriam-webster.com/dictionary/evaluation> (accessed 19.04.2021).
25. Oxford Wordpower Dictionary. Oxford University Press, 2016, 839 p.
26. Cambridge Advanced Learner's Dictionary. 4th ed.: Cambridge University Press, 2013, 1844 p.
27. Anglo-russkij slovar' sinonimov [Anglo-Russian dictionary of synonyms]. Tezaurus. – Moskva:In.yaz, 2001. – 412 p.
28. Popova Z.D., Sternin I.A. Kognitivnaya lingvistika [Cognitive linguistics]. Voronezh 2007. – 314

Авторлар туралы мәлімет

Дүйсекова Күләш Керімбековна – негізгі автор, ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ. Мұңайтпасов к. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Даутбаева Құралай Белгібайқызы – «Шетел филологиясы» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ. Мұңайтпасов к. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Duisekova Kuliash – **The main author**, Doctor of Philology, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, K. Munaytpasov str., h. 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Dautbayeva Kuralay –The 1st year doctoral student of the specialty «Foreign Philology», L.N.Gumilyov Eurasian National University, K. Munaytpasov str., h. 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.